

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 18 шілдедегі № 215-VIII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 24-бапта:

2-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Соңғы үш жылдағы жылдық жиынтық кірістердің немесе Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес арнаулы салық режимдерін қолданатын кәсіпкерлік субъектілері кірістерінің үшке бөлінген сомасы жылдық орташа кіріс деп есептеледі.";

4-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ойын бизнесі салығын төлеушілер болып табылатын жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін жұмыскерлердің саны бойынша өлшемшарт пайдаланылады.";

2) 35-баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жеке тұлғаның өз бетінше салық салуына жататын кірістері";

3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимдерінде салық салуға жататын кірістер.";

3) 274-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Лизинг шартын жасасқан кезден бастап қаржы лизингі нысанасын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына немесе ұзақ мерзімді активтерді ұлғайтуға, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа) инвестициялар болып табылады.

Осы тараудың мақсаттары үшін ұзақ мерзімді активтер деп халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және (немесе) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес инвестордың

бухгалтерлік есебіне кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалдық емес және биологиялық активтер түрінде түсуі кезінде ескерілген активтер түсініледі.";

3-тармақтағы "кәсіпкерлік қызмет үшін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құру немесе ұлғайту жөніндегі" деген сөздер "ұзақ мерзімді активтерді құру немесе ұлғайту жөніндегі, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыруға арналған" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 276-баптың 3-тармағының екінші бөлігі 2) тармақшасындағы "толықтыруларға қолданылмайды." деген сөздер "толықтыруларға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, шарттары осы тарауда және Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген Қазақстан Республикасының салық заңнамасының тұрақтылығына қолданылмайды.";

5) 277-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді және Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналарды төлегеннен кейін өзінің қызметінен алынған кірістерді өз қалауы бойынша пайдалануға;"

6) 281-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау мынадай шаралардың біреуін немесе бірнешеуін беруді білдіреді:

1) "бір терезе" қағидаты бойынша инвесторларды қолдап отыру;

2) осы Кодекстің 282-бабында көзделген тәртіппен инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның инвесторға жәрдем көрсетуі;

3) аумағында инвестордың қызметі жүзеге асырылатын жергілікті атқарушы органдардың инвесторға жәрдем көрсетуі;

4) инвестор жүзеге асыратын қызмет құзыретіне жататын уәкілетті мемлекеттік органның инвесторға жәрдем көрсетуі;

5) осы тарауда көзделген инвестициялық преференцияларды беру.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік қолдау шаралары инвестордың қарсы міндеттемелерін белгілеу ескеріліп жүзеге асырылады.

Қарсы міндеттемелер инвестициялық жобада көзделген қызмет түріне қарай:

егер инвестициялық жобада көзделген қызмет түрі осы Заңмен реттелсе, "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету кезінде қарсы міндеттемелерді айқындау және қолдану жөніндегі қағидаларға сәйкес;

"Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттелмейтін өзге де қызмет түрлері бойынша – инвестициялар тарту жөніндегі саясат саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде белгіленеді.";

7) 282-бапта:

1-тармақтағы ", арнайы инвестициялық келісімшарттарды қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

8-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік меншіктен жер учаскелерін беру үшін жобаны инвестициялық деп айқындау тәртібін белгілейді.";

8) 283-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналарға:

1) инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына;

2) инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы үшін қаржы лизингі шарты негізінде технологиялық жабдықты инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде импорттайтын лизингтік компанияларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілетін атаулы сипаттағы артықшылықтар инвестициялық преференциялар болып табылады.";

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Инвестициялық преференциялар мынадай инвестициялық келісімшарттардың:

1) инвестициялар туралы келісімнің;

2) инвестициялық міндеттемелер туралы келісімнің;

3) оңайлатылған инвестициялық келісімшарттың талаптарына сәйкес жобаның мазмұнына қарай беріледі.

3. Салықтар бойынша инвестициялық преференциялар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен салықтар бойынша инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімдерді қарау негізінде инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша беріледі.

Инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның өтінім бойынша шешімі осы Кодекстің 292-бабына сәйкес өтінімге берілген материалдарды қарау, сондай-ақ

құзыретіне өтінімде көзделген қызметтің басым түрі жататын уәкілетті органның қорытындысы ескеріле отырып қабылданады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Инвестициялық преференциялар осы баптың 2-тармағында көзделген инвестициялық келісімшарттардың біреуі бойынша ғана беріледі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Инвестициялық келісімшарттар жасасқан тұлғаларды инвестициялық келісімшарттардың талаптары шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемесін орындаудан толық босатуға жол берілмейді.";

9) мынадай мазмұндағы 283-1, 283-2, 283-3, 283-4 және 283-5-баптармен толықтырылсын:

"283-1-бап. Инвестициялар туралы келісім

1. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының инвестициялық жобаны іске асыратын заңды тұлғасы арасында инвестициялық жобаны іске асыруға арналған шарт инвестициялар туралы келісім болып табылады, онда мыналар көзделеді:

1) кемінде айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшеріндегі инвестициялармен – "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған басым туристік аумақтарда ұзақ мерзімді активтер түрінде туристің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын объектілерді құру;

2) кемінде айлық есептік көрсеткіштің бір миллион еселенген мөлшеріндегі инвестициялармен – тамақ және жеңіл өнеркәсіп салаларында жаңа объектілерді құру;

3) кемінде айлық есептік көрсеткіштің екі миллион еселенген мөлшеріндегі инвестициялармен – жаңа өндірістік объектілер салу үшін жаңа өндірістерді құру;

4) кемінде айлық есептік көрсеткіштің бес миллион еселенген мөлшеріндегі инвестициялармен – негізгі құралдарды өзгертуді көздейтін жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту және (немесе) жаңарту;

5) бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

жоба республикалық маңызы бар қалалар мен астанадан тыс жерде іске асырылса;

ұсынылатын қызметтер халықаралық стандарттарға сай "үш", "төрт", "бес" жұлдыз санаттарына сәйкес болса;

он және одан көп шет елде кем дегенде бір мың қонақүйі бар халықаралық қонақ үй желісімен кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) немесе франшиза шарты жасалса, заңды тұлғаның кемінде айлық есептік көрсеткіштің бір миллион еселенген мөлшеріндегі инвестицияларымен – жаңа қонақүйлерді салу, жұмыс істеп тұрған қонақүйлерді кеңейту және (немесе) жаңарту (реконструкциялау).

Осы баптың мақсатында айлық есептік көрсеткіш деп республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және инвестициялық преференциялар беруге өтінім берілген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш түсініледі.

2. Инвестициялар туралы келісімде инвестициялар туралы келісім жасалған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген преференцияларды беру шарттары мен тәртібі айқындалады, сондай-ақ инвестициялар туралы келісім жасасқан заңды тұлғалар үшін қарсы міндеттемелер белгіленеді.

Инвестициялар туралы келісім жасасқан заңды тұлғалар үшін қарсы міндеттемелер болмаған кезде инвестициялық преференциялар берілмейді.

3. Инвестициялар туралы келісім тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қызметтің белгілі бір басым түрлері бойынша жүзеге асырылады.

4. Инвестициялар туралы келісім шеңберінде инвестициялық преференциялар мынадай шарттар сақталған кезде беріледі:

1) Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы алушы болып табылады;

2) заңды тұлға инвестицияларды осы баптың 1-тармағында белгіленген мөлшерлерде жүзеге асырады;

3) заңды тұлға:

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына және Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасына сәйкес дербес білім беру ұйымы;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына және Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес қызметін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыратын ұйым;

"Астана Хаб" қатысушысы;

"Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушысы;

спирттің, алкоголь өнімінің, темекі бұйымдарының барлық түрлерін өндіруші;

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеуші болып табылмайды;

4) құйма өнім өндіруді қоса алғанда, машина жасау саласындағы Қазақстан Республикасының заңды тұлғасын қоспағанда, мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің – Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) ретіндегі үлесі жиырма алты пайыздан аспайды;

құйма өнім өндіруді қоса алғанда, мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің – машина жасау саласындағы Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) ретіндегі үлесі елу пайыздан аспайды.

Мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің – Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) ретінде қатысуы

инвестициялық келісімшарт тіркелген күннен бастап бес жылдан аспайтын мерзімді құрайды, бұған құйма өнім өндіруді қоса алғанда, мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің – Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) ретінде Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының қатысуы инвестициялық келісімшарт тіркелген күннен бастап жиырма жылдан аспайтын мерзімді құрайтын машина жасау саласындағы инвестициялық басым жобалар кірмейді. Мемлекет және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісі бес жыл ішінде Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшылары және (немесе) қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуға міндетті. Бұл шарт орындалмаған жағдайда инвестициялық преференцияларды қолдану ол (олар) Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшылары және (немесе) қатысушылары (акционерлері) құрамынан толық шыққанға дейін, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады.

Тоқтатыла тұрған кезең ішінде Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшылары және (немесе) қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шартты орындамау инвестициялық келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатуға және бұрын берілген инвестициялық преференцияларды қайтаруға алып келеді.

Осы тармақшаның ережелері мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) ретіндегі үлесі елу пайыздан кем болатын квазимемлекеттік сектор субъектісі өз қызметін көмір қабаттарындағы метанды өндіру жөніндегі инвестициялық басым жобаны іске асыру шеңберінде жүзеге асыратын жағдайда қолданылмайды;

5) инвестициялық қызмет мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессиялық жоба шеңберінен тыс жүзеге асырылады.

5. Қызметтің мынадай түрлері бойынша инвестициялар туралы келісімдер жасасуға тыйым салынады:

- 1) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына байланысты қызмет;
- 2) акцизделетін өнімді өндіру және (немесе) көтерме саудада өткізу;
- 3) лотерея өткізу;
- 4) ойын бизнесі саласындағы қызмет;
- 5) радиоактивті материалдардың айналымына байланысты қызмет;
- 6) банк қызметін (не банк операцияларының жекелеген түрлері) және сақтандыру нарығындағы қызметті (сақтандыру агентінің қызметінен басқа) қоса алғанда, қаржы саласындағы қызмет;
- 7) аудиторлық қызмет;
- 8) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіптік қызмет;
- 9) цифрлық майнинг бойынша қызмет;
- 10) кредиттік бюролардың қызметі;

11) күзет қызметі;

12) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына байланысты қызмет;

13) жер қойнауын пайдалану саласындағы қызмет, оның ішінде кен іздеушілердің қызметі. Осы тармақшаның мақсатында жерасты суларын және (немесе) кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы жер қойнауын пайдаланушы деп танылмайды;

14) пайдалы қазбаларды өткізу, оның ішінде трейдерлердің қызметі, көмір, мұнай өткізу жөніндегі қызмет.

6. Инвестициялар туралы келісімнің мерзімі, оны өзгертудің және бұзудың тәртібі мен шарттары инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган бекіткен инвестициялар туралы келісімдерді жасасу, өзгерту және бұзу қағидаларында белгіленген.

7. Инвестициялар туралы келісімде:

1) осы Кодекстің 283-4-бабында және Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген салықтар бойынша преференциялар;

2) мемлекеттік заттай гранттар;

3) шетелдік жұмыс күшін тарту құқығы түрінде инвестициялық преференциялар беру көзделеді.

Инвестициялар туралы келісімнің шеңберінде салықтар бойынша инвестициялық преференцияларды қолдану мерзімі жобаның құнына және инвестициялау санаттары бойынша жүзеге асырылатын қызмет түріне қарай, бірақ өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органмен, салық саясаты саласындағы уәкілетті органмен және салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес он жылдан аспайтындай болып көзделеді.

283-2-бап. Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен заңды тұлға арасында жасалатын, заңды тұлғаның мұндай келісімді жасасуға өтінім берілген жылды қоса алғанда, сегіз жыл ішінде, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және оны жасасуға өтінім берілген жылдың 1 қаңтарына қолданыста болатын кемінде айлық есептік көрсеткіштің жетпіс бес миллион еселенген жиынтық мөлшерінде, капиталдандырылатын кейінгі шығыстарды және (немесе) жаңа ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға, өндіруге, салуға арналған шығыстарды қаржыландыру жөніндегі, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және (немесе) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес ұзақ мерзімді

активтердің құнын ұлғайтатын басқа да шығындарды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерін көздейтін шарт инвестициялық міндеттемелер туралы келісім болып табылады.

Пайдалы қатты қазбаларды өндіру және (немесе) қайта өңдеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғамен инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасасқан жағдайда мұндай келісім тек қана пайдалы қатты қазбаларды өндіру және (немесе) қайта өңдеу саласындағы қызмет бойынша жасалады.

2. Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін заңды тұлғамен жасалады:

1) көмірсутекті пайдалы қазбаларды өндіретін жер қойнауын пайдаланушылар мен мұнай өнімдерін өндірушілерді қоспағанда, заңды тұлға тауар өндіруші болып табылады. Осы баптың мақсаттары үшін тауар өндіруші деп инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасасуға өтінім берілген жылдың алдындағы жылдағы жиынтық жылдық кірісінің кемінде жетпіс пайызын өз өндірісінің тауарларын өткізуден не осындай тұлға өндірген пайдалы қазбаларды және (немесе) осындай тұлғаның пайдалы қазбаларды қайта өңдеуі нәтижесінде алынған өнімді өткізуден түсетін кіріс құрайтын заңды тұлға түсініледі;

2) заңды тұлға осы Кодекске сәйкес ірі немесе орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;

3) акцизделетін тауарларды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асырмайды;

4) арнаулы салық режимдерін қолданбайды.

3. Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасасқан заңды тұлғаның осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген міндеттемелерді орындауы инвестициялық міндеттемелер туралы келісімге қосымша болып табылатын инвестициялар салу графигіне сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген соманың кемінде елу пайызын қаржыландыру инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасасуға өтінім берілген жылды қоса алғанда, алғашқы төрт жыл ішінде жүзеге асырылуға тиіс.

Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасасқан заңды тұлға осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген міндеттемелерді орындаған кезде:

1) өзара байланысты тараппен жасалған шарттар бойынша тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны іс жүзінде шеккен шығыстар мөлшерінде, бірақ осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген міндеттемелер сомасының елу пайызынан аспайтын мөлшерде есепке алынады;

2) өзара байланысты тараппен құны іс жүзінде шеккен шығыстар мөлшерінде есепке алынатын тауарларды сатып алуға, жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге шарттар жасасқан кезде мұндай өзара байланысты тарап Қазақстан Республикасының резиденті болуға тиіс.

4. Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім қолданылатын мерзім ішінде, ол жасалған күннен екінші жылдан бастап, жер қойнауын пайдаланушы болып табылмайтын заңды тұлға жыл сайын республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осындай қаржыландыру жүзеге асырылатын жылдың 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен кем емес сомада қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға да міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлға осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шығыстарды қаржыландыруды Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

5. Осы Кодекстің 295-2-бабына сәйкес инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасасқан заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес он жыл мерзімге Қазақстан Республикасы салық заңнамасының тұрақтылығына кепілдік беріледі.

283-3-бап. Оңайлатылған инвестициялық келісімшарт

1. Оңайлатылған инвестициялық келісімшартта:

1) мемлекеттік заттай гранттар;

2) кедендік баждар салудан босату түрінде инвестициялық преференциялар беру көзделеді.

Инвестициялық жоба оңайлатылған инвестициялық келісімшарттың шеңберінде тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін белгілі бір басым қызмет түрлері бойынша жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік заттай гранттар Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына инвестициялық жобаны іске асыру үшін уақытша өтеусіз пайдалануға беріле отырып не уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен ұсыныла отырып, кейіннен меншікке не жер пайдалануға өтеусіз берілетін мүлікті білдіреді.

Мемлекеттік заттай гранттарды осы Кодексте белгіленген тәртіппен инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен және (немесе) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша, оңайлатылған инвестициялық келісімшартқа сәйкес инвестициялық міндеттемелер орындалған жағдайда уақытша өтеусіз пайдалануға не уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен ұсына отырып, кейіннен меншікке не жер пайдалануға өтеусіз береді.

Инвестор мен инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган арасында жасалған оңайлатылған инвестициялық келісімшартқа сәйкес инвестордың инвестициялық міндеттемелерді орындауын көздейтін аудиторлық есеп алынған күннен бастап үш

айдан кешіктірмей қабылданатын инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның шешімі берілген мемлекеттік заттай грантты инвесторға меншігіне не өтеусіз ұзақ мерзімді жер пайдалануына өтеусіз беру үшін жергілікті атқарушы органға негіз болып табылады.

3. Мемлекеттік заттай гранттар ретінде: жер учаскелері, ғимараттар, құрылысжайлар, машиналар мен жабдықтар, есептеу техникасы, өлшейтін және реттейтін аспаптар мен құрылғылар, көлік құралдары (жеңіл автокөлікті қоспағанда), өндірістік және шаруашылық мүкәммал берілуі мүмкін.

4. Мемлекеттік заттай гранттарды бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен олардың нарықтық құны бойынша жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік заттай гранттың ең жоғары мөлшері Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының ұзақ мерзімді активтеріне салынатын инвестициялар көлемінің отыз пайызынан аспайды.

Егер сұрау салынатын мемлекеттік заттай гранттың бағаланған құны көрсетілген ең жоғары мөлшерден асып түскен жағдайда, Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының сұрау салынатын мүлікті оның бағаланған құны мен мемлекеттік заттай гранттың ең жоғары мөлшері арасындағы айырманы төлеп алуға құқығы бар.

283-4-бап. Салықтар бойынша преференциялар

1. Салықтар бойынша преференциялар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген тәртіппен және шарттармен беріледі.

2. Салықтар бойынша преференциялардың түрлері:

1) инвестициялар туралы келісім үшін:

есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға азайту;

жер салығының мөлшерлемелеріне 0 коэффициентін қолдану;

мүлік салығын салықтық базаға 0 пайыз мөлшерлемесі бойынша есептеу;

келісімшарт жасалған күннен бастап инвестициялық жоба шеңберінде салықтар бойынша преференциялардың мерзімдері аяқталған күнге дейінгі кезеңге осы тармақшада көзделген коэффициент мөлшерінің, мөлшерлемелердің және салықтарды азайту мөлшерінің тұрақтылығы;

2) инвестициялық міндеттемелер туралы келісім үшін – Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес келісімнің шарттарына сай Қазақстан Республикасы салық заңнамасының тұрақтылығы.

3. Салықтар бойынша преференциялар осы баптың 2-тармағында көзделген келісімшарттардың бірінің негізінде беріледі.

Салықтар бойынша преференциялар, егер жобаны жүзеге асырудың басым нәтижесі мыналар болып табылса:

1) инвестициялар туралы келісім негізінде – егер ұзақ мерзімді актив деп танылған жаңа немесе реконструкцияланған жылжымайтын мүлікті қолданысқа енгізу көзделсе;

2) инвестициялық міндеттемелер туралы келісім негізінде – егер келісімшартта жаңа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу, өндіру, салу не оларды республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде жетпіс бес миллион еселенген мөлшерінде күрделі реконструкциялау көзделсе, жобалар жөніндегі жұмыс бағдарламаларын қарау қорытындылары бойынша беріледі.

4. Инвестициялық келісімшартта салықтар бойынша преференциялардың әрбір түрінің қолданылу мерзімі белгіленеді, бірақ Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес айқындалған оларды қолданудың шекті мерзімінен аспайды.

5. Осы Кодексте белгіленген тәртіппен инвестициялық келісімшарттың қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда салықтар бойынша преференциялардың қолданылуы күшін жояды.

6. 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған инвестициялық басым жобаларды іске асыратын немесе 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған инвестициялық келісімшарттар бойынша инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының салық заңнамасы өзгертілген кезде тұрақтылық кепілдігі беріледі.

7. Осы баптың 2-тармағында көзделген салықтар бойынша преференциялар бойынша тұрақтылық кепілдігі Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларда қарастырылады.

Осы Кодексте белгіленген тәртіппен инвестициялық келісімшарттың қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының тұрақтылығына кепілдіктің қолданылуы күшін жояды.

283-5-бап. Кедендік баждар салудан босату

1. Оңайлатылған инвестициялық келісімшарт шеңберінде инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес технологиялық жабдықты, оның жиынтықтауыштары мен қосалқы бөлшектерін, шикізатты және (немесе) материалдарды импорттау кезінде кедендік баждар салудан босатылады.

Лизингтік компания инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы үшін қаржы лизингі шарты негізінде инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде жеткізілетін технологиялық жабдықты импорттау кезінде кедендік баждар салудан босатылады.

Осы тараудың мақсатында технологиялық жабдық деп инвестициялық жобаның технологиялық процесінде пайдалануға арналған тауарлар түсініледі.

Қызметтерді ұсыну немесе жұмыстарды орындау жөніндегі технологиялық процесс шеңберінде технологиялық жабдық деп қызметтерді ұсыну немесе жұмыстарды орындау процесін жақсартуға ықпал ететін тауарлар түсініледі.

Жиынтықтауыштар деп жиынтығында технологиялық жабдықтың конструкциялық тұтастығын құрайтын құрамдас бөліктер түсініледі.

Шикізат және (немесе) материал деп технологиялық процесс арқылы дайын өнім алу үшін пайдаланылатын кез келген пайдалы қазба, құрауыш, бөлшек немесе өзге тауар түсініледі.

2. Технологиялық жабдықты және оның жиынтықтауыштарын импорттау кезінде кедендік баждар салудан босату оңайлатылған инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзіміне, бірақ оңайлатылған инвестициялық келісімшарт тіркелген кезден бастап бес жылдан аспайтындай болып беріледі.

3. Технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерін импорттау кезінде бес жылға дейінгі мерзімге кедендік баж салудан босату ұзақ мерзімді активтерге салынатын инвестициялардың көлеміне қарай және инвестициялық жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен басым қызмет түрлерінің тізбесіне сәйкес болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына беріледі.

Шикізатты және (немесе) материалдарды импорттау кезінде кедендік баж салудан босату жұмыс бағдарламасы бойынша ұзақ мерзімді активтер пайдалануға берілген күннен бастап бес жыл мерзімге беріледі.

Кедендік баждар салудан босату оңайлатылған инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзіміне, бірақ жұмыс бағдарламасы бойынша ұзақ мерзімді активтер пайдалануға берілген күннен бастап бес жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

Жұмыс бағдарламасы өндіріс пайдалануға берілгенге дейін инвестициялық жобаны іске асыру жөніндегі жұмыстардың күнтізбелік графигін айқындайтын оңайлатылған инвестициялық келісімшартқа қосымшаны білдіреді.

Егер жұмыс бағдарламасында екі және одан көп ұзақ мерзімді активтерді пайдалануға беру көзделсе, технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерін, шикізатты және (немесе) материалдарды әкелуге кедендік баж төлеуден босату мерзімін есептеу жұмыс бағдарламасы бойынша бірінші ұзақ мерзімді актив пайдалануға берілген күннен бастап жүргізіледі.";

10) 284-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"284-бап. Инвестициялық жоба

Инвестициялық жоба:

1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру барысында құрылған, кеңейтілген және (немесе) жаңартылған өндірістерді қоса алғанда, жаңа объектілер мен өндірістерді құруға, қолданыстағыларын кеңейтуге және (немесе) жаңартуға;

2) басым туристік аумақтарда туристің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын объектілерді құруға инвестицияларды көздейтін іс-шаралар кешенін білдіреді.";

11) 285-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "инвестициялық басым жобаны іске асыратын" деген сөздер алып тасталсын;

12) 286, 287, 288, 289 және 290-баптар алып тасталсын;

13) 292-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"292-бап. Оңайлатылған инвестициялық келісімшарттар шеңберінде инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімге қойылатын талаптар

1. Оңайлатылған инвестициялық келісімшарттар шеңберінде инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінім:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған заңды тұлға жарғысының көшірмелері болған кезде инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қабылданады және тіркеледі.

Егер заңды тұлға жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылса, құжаттарды мөрмен бекемдеу талап етілмейді;

3) инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін талаптарға сәйкес жасалған инвестициялық жобаның бизнес-жоспары;

4) Қазақстан Республикасының өтінім берген заңды тұлғасы сұрататын мемлекеттік заттай гранттың мөлшерін (құнын) растайтын құжаттар және оны беру туралы жергілікті атқарушы органның растауы;

5) тіркелген жеріндегі мемлекеттік кіріс органының өтінім берілген күнге дейін бес жұмыс күні ішінде берген, салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес әлеуметтік аударымдар, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы анықтамасы болған кезде инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қабылданады және тіркеледі.";

1-1 және 2-тармақтар алып тасталсын;

14) 293-бапта:

тақырып пен 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"293-бап. Оңайлатылған инвестициялық келісімшарт шеңберінде инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімді қарау мерзімдері

1. Инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінім қарау үшін инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға беріледі, ол осы Кодекстің 285-бабында белгіленген талаптарға сәйкес, өтінім тіркелген күннен бастап алпыс жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.";

3-тармақ алып тасталсын;

15) 294-бапта:

тақырып пен 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"294-бап. Оңайлатылған инвестициялық келісімшарт жасасу

1. Салықтар бойынша преференцияларды қоспағанда, инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған шарт оңайлатылған инвестициялық келісімшарт болып табылады.";

2-тармақта:

бірінші бөліктегі "инвестициялық" деген сөз "оңайлатылған инвестициялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "инвестициялық" деген сөз "оңайлатылған инвестициялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөліктегі "Инвестициялық" деген сөз "Оңайлатылған инвестициялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Инвестициялық" деген сөз "Оңайлатылған инвестициялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Инвестициялық келісімшарттың" деген сөздер "Оңайлатылған инвестициялық келісімшарттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 295-1-бап алып тасталсын;

17) 295-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"295-2-бап. Инвестициялық міндеттемелер туралы келісімді жасасу және тоқтату

1. Инвестициялық міндеттемелер туралы келісімді жасасуға өтінім инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық міндеттемелер туралы келісімді жасасуға өтінім келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде осындай келісімге қол қою үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді.

Инвестициялық міндеттемелер туралы келісімді жасасу, оған өзгерістер енгізу, оның қолданылуын тоқтату тәртібін және инвестициялық міндеттемелер туралы келісімнің үлгілік нысанын инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Инвестициялық міндеттемелер туралы келісімге өзгерістер осы баптың 3-тармағының екінші бөлігінде белгіленген ережелердің сақталуы ескеріле отырып, тек қана инвестициялар салу графигін өзгерту бөлігінде енгізілуі мүмкін.

3. Инвестициялық міндеттемелер туралы келісімнің қолданылуы осы Кодекстің 283-2-бабының 5-тармағында көрсетілген мерзім өткенге дейін осы тармаққа сәйкес тараптардың келісімі бойынша немесе біржақты тәртіппен тоқтатылуы мүмкін.

Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім қолданылатын кезеңде 283-2-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде, 2-тармағында, 3-тармағының екінші бөлігінде және 4-тармағында көзделген міндеттемелер мен шарттар орындалмаған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай өткен соң

инвестициялық міндеттемелер туралы келісімнің қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатады.

Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде осындай келісімді жасасқан заңды тұлға мұндай келісім бұзылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес айқындалған тәртіппен қосымша салық есептілігін ұсынуға міндетті.";

18) 295-3-бап алып тасталсын;

19) 296-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"296-2-бап. Оңайлатылған инвестициялық келісімшарттар талаптарының сақталуын бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі

1. Оңайлатылған инвестициялық келісімшарт жасалғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша оңайлатылған инвестициялық келісімшарттың орындалуы туралы жартыжылдық есептерді 25 шілдеден және 25 қаңтардан кешіктірмей, ұзақ мерзімді активтердің пайдалануға берілуін, технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектердің, шикізаттың және (немесе) материалдардың жеткізілуі мен пайдаланылуын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жұмыс бағдарламасында көзделген шығындардың баптары бойынша таратып жаза отырып ұсынады.

2. Оңайлатылған инвестициялық келісімшартқа қосымшаға өзгерістер тараптардың келісім бойынша жылына екі рет енгізілуі мүмкін.

Ұзақ мерзімді активтерді пайдалануға беру мерзімдерін ауыстыру бөлігінде инвестициялық келісімшартқа қосымшаға өзгерістер тараптардың келісімі бойынша оңайлатылған инвестициялық келісімшарттың қолданылу кезеңі екі реттен аспайтын мерзімде енгізілуі мүмкін.

3. Инвестициялық қызмет объектісіне бару арқылы тексеру жұмыс бағдарламасы аяқталған жағдайда ұзақ мерзімді активтер пайдалануға берілгеннен кейін алты ай ішінде жүргізіледі.

4. Тексеру нәтижелері бойынша инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның өкілі мен оңайлатылған инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының басшысы инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша оңайлатылған инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасын орындаудың ағымдағы жай-күйі туралы актіге қол қояды.

5. Оңайлатылған инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасы орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган оңайлатылған инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына бұзушылықтарды көрсете отырып, жазбаша нысанда хабарлама жібереді және бұзушылықтарды жою үшін үш ай мерзім белгілейді.

6. Егер инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган жүргізген тексеру нәтижелері бойынша инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінген және кедендік баждар

төлеуден босатылған технологиялық жабдық, оның жинақтауыштары, қосалқы бөлшектері, шикізат және (немесе) материалдар пайдалануға берілмегені не пайдаланылмағаны анықталған жағдайда, оңайлатылған инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференцияларға байланысты кедендік баждардың сомасын төлемеген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімпұлды есепке жаза отырып, пайдаланылмаған жабдық, оның жинақтауыштары, қосалқы бөлшектері, шикізат және (немесе) материалдар бөлігінде оларды төлейді.

7. Оңайлатылған инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы жұмыс бағдарламасын іске асыруды аяқтағаннан кейін екі ай ішінде инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға қызмет саласындағы уәкілетті орган белгілеген ең төмен талаптарға сәйкес келетін аудиторлық ұйымның аудиторлық есебін ұсынады, онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) жұмыс бағдарламасына сәйкес инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат;

2) жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған тіркелген активтер бойынша таратып жазу;

3) жұмыс бағдарламасының орындалғанын растайтын құжаттардың жиынтық тізілімі;

4) оңайлатылған инвестициялық келісімшарт талаптарының орындалуы туралы мәліметтер.

8. Мемлекеттің экономикалық мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында оңайлатылған инвестициялық келісімшарттың бұзылуы туралы ақпарат:

1) тиісті шаралар қабылдау үшін мемлекеттік кіріс органдарына және қажет болған кезде өзге де мемлекеттік органдарға;

2) мемлекеттік заттай грант берілген оңайлатылған инвестициялық келісімшарттар бойынша мемлекеттік кіріс органдарына, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға және (немесе) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.

9. Оңайлатылған инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының оңайлатылған инвестициялық келісімшарттың қолданысы ішінде:

1) берілген мемлекеттік заттай гранттың, сондай-ақ жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған мүліктің нысаналы мақсатын өзгертуге;

2) берілген мемлекеттік заттай грантты, сондай-ақ жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған мүлікті жалға беруге, иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

10. Кедендік баждар салудан босату объектілерінің нысаналы пайдаланылуын бақылау Еуразиялық экономикалық комиссия айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады
";

20) 25-тараудың 2-параграфы мынадай мазмұндағы 296-3-баппен толықтырылсын:

"296-3-бап. Берілетін инвестициялық преференциялардың тиімділігін бағалау

1. Берілетін инвестициялық преференциялардың тиімділігін бағалау әлеуметтік-экономикалық дамуға берілетін инвестициялық преференциялардың тиімділігіне талдау жүргізу үшін жүзеге асырылады.

2. Берілетін инвестициялық преференциялардың тиімділігін бағалауды инвестициялар тарту жөніндегі саясат саласындағы уәкілетті орган өзі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады."

2. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

1-тарау мынадай мазмұндағы 252-1-баппен толықтырылсын:

"252-1-бап. Салық органының қаулысын санкциялау

1. Заңда белгіленген жағдайларда салық органы соттың санкциялауына жататын заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің бірінші басшысының (оны алмастыратын адамның), дара кәсіпкердің және жеке практикамен айналысатын адамның Қазақстан Республикасынан кетуін уақытша шектеу туралы қаулы, мұндай шектеуді тоқтата тұру туралы, оның күшін жою туралы қаулы шығарады.

Қаулыда санкцияланатын әрекеттерді қабылдау қажеттілігін туғызған себептер мен негіздер жазылуға тиіс.

2. Соттың санкциялауына жататын қаулыны салық органы заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, дара кәсіпкердің және жеке практикамен айналысатын адамның тұрғылықты жері бойынша сотқа ұсынады.

Қаулыға санкцияланатын әрекеттерді қабылдау негізділігін растайтын материалдар қоса беріледі.

3. Сот салық органының қаулысын материалдар санкциялауға келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

4. Салық органының қаулысын және оған қоса берілген материалдарды қарап, сот заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің бірінші басшысының (оны алмастыратын адамның), дара кәсіпкердің және жеке практикамен айналысатын адамның Қазақстан Республикасынан кетуін уақытша шектеуге, мұндай шектеуді тоқтата тұруға немесе күшін жоюға санкция береді не санкция беруден бас тартады.

Санкция беру салық органының қаулысына судьяның қолтаңбасымен куәландырылатын "Санкциялаймын" деген сот мөртабанын басу арқылы жүзеге асырылады. Санкция беруден бас тартқан жағдайда, судья санкция беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Сот салық органының электрондық құжат нысанында ұсынылған қаулысына санкция беруді судьяның электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландыру арқылы жүзеге асырады. Санкция беруден бас тартқан жағдайда, судья электрондық құжат нысанында санкция беруден бас тарту туралы уәжді ұйғарым шығарады.

5. Салық органының сот санкциялаған қаулысына Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Қаулыға санкция беруден бас тарту туралы сот ұйғарымына шешімі түпкілікті болып табылатын апелляциялық сатыдағы сотқа жеке шағым берілуі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін."

3. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

65-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қазақстан Республикасында тауарлардың кедендік құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен айқындалады. Егер тауарлардың кедендік құнын айқындау кезінде шетел валютасын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептеу жүргізу талап етілетін болса, мұндай қайта есептеу, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, кеден органы кедендік декларацияны тіркеген күні белгіленген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының ресми бағамы (бұдан әрі – валюталар бағамы) бойынша жүргізіледі.";

2) 89-баптың 3-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 250-бабына, 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 427-бабына және Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 508-бабына сәйкес қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген, ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты кеден органдарының және төлеушілердің талаптары бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі бес жылды құрайды.";

3) 417-баптың 4-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кодекстің 202-бабында көзделген шартты түрде шығарылған тауарларға, өздеріне қатысты 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 250-бабында, 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 427-бабында және Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 508-бабында көзделген пайдаланылуы және билік етілуі бойынша шектеулер бар тауарларға қатысты, сондай-ақ осы Кодекстің 416-бабының 6-тармағында көзделген жүргізілетін камералдық кедендік тексеру нысанасы алдыңғы камералдық кедендік тексерулерде камтылмаған жағдайларда қайтадан камералдық кедендік тексеруге жол беріледі."

4. 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексіне:

120-баптың 2-тармағындағы "бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылатын" деген сөздер "шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне:

1) 1-баптың 1-тармағында:

18) тармақшада:

бірінші бөлік "фермер қожалығы," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде аталған өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлға," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті атқарушы органдар немесе жеке көмекшілерге материалдық пайда төлеген кезде өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында аталған адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды төлейтін, осы Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы әлеуметтік төлемдерді төлеушілер деп танылады;"

36) тармақшадағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-1-бабына" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 820-бабына" деген сөздермен ауыстырылсын;

119) тармақшада:

бірінші бөлік "жеке немесе заңды тұлға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының Салық кодексінде аталған өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлға" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктегі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-1-бабына" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 820-бабына" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы міндетті зейнетақы жарналарын, осы Кодекстің 102-1-бабында аталған адамдар үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент ретінде қарастырылады.";

2) 17-баптың 1-тармағының 22-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"22-2) интернет-платформа операторы жүргізген әлеуметтік аударымдардың, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) олардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдардың қате (артық) төленген сомаларын қайтаруды жүзеге асыруды;"

3) 78-баптың 2-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында аталған адамдар үшін жүктілігі мен босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты кірісінен айырылған жағдайдағы әлеуметтік төлемдерді есептеу кезінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс айына іс жүзінде түскен әлеуметтік аударымдар сомасын осы Кодекстің 244-бабының 1-тармағында белгіленген әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу арқылы айқындалады.";

4) 85-баптың 1-тармағының бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында аталған адамдар үшін бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді есептеу кезінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс айына іс жүзінде түскен әлеуметтік аударымдар сомасын осы Кодекстің 244-бабының 1-тармағында белгіленген әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу арқылы айқындалады.";

5) мынадай мазмұндағы 101-1-баппен толықтырылсын:

"101-1-бап. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру

1. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген шарттарға сәйкес келетін жеке тұлғалар өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын адамдар деп танылады.

2. Осы Кодекстің 102-1-бабында көрсетілгендерді қоспағанда, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалар осы Кодекске сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды өздері алған кірістерден төлеуді жүргізеді.

3. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалардың төлеуіне жататын әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің бір пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалардың осы режим шеңберінде қызметті жүзеге асырған есепті айда алған кірісі олар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолдану үшін белгіленген шектен аспауға тиіс.

4. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалар төлеуге жататын міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кірістің бір пайызы мөлшерінде белгіленген.

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс деп осы режим шеңберінде қызметті жүзеге асырудың есепті айында алынған кіріс түсініледі.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс айына Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолдану үшін белгіленген шектен аспауға тиіс.

5. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалар төлеуге жататын жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кірістің бір пайызы мөлшерінде белгіленген.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс деп өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалардың осы режим шеңберінде қызметті жүзеге асырудың есепті айында алған кірісі түсініледі.

Бұл ретте жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс айына Қазақстан Республикасының Салық кодексінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолдану үшін белгіленген шектен аспауға тиіс.";

б) 102-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"102-1-бап. Интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды әлеуметтік қамсыздандыру

1. Оператор Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын және интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар болып табылатын орындаушылардың кірістерінен осы Кодекске сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жеке табыс салығын ұстап қалуды және ұстап қалған сомаларды аударуды жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын, интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі

қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар болып табылатын орындаушылар үшін Оператор төлеуге жататын әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің бір пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын, интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар болып табылатын орындаушылар үшін осы режим шеңберінде олардың есепті айда Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асырудан алған кіріс әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.

Бұл ретте айына әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен және Қазақстан Республикасының Салық кодексінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолдану үшін белгіленген шектен аспауға тиіс.

3. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын, интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар болып табылатын орындаушылар үшін Оператор төлеуге жататын міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кірістің бір пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс деп Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын, интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар болып табылатын орындаушылардың осы режим шеңберінде есепті айда интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асырудан алған кірісі түсініледі.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс айына Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолдануға белгіленген шектен аспауға тиіс.

4. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын, интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар болып табылатын орындаушылар үшін Оператор төлеуге жататын жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кірістің бір пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс деп Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын, интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар болып табылатын орындаушылардың осы режим шеңберінде есепті айда интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асырудан алған кірісі түсініледі.

Бұл ретте жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс айына Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолдануға белгіленген шектен аспауға тиіс.

5. Оператордың осы бапта көрсетілген жеке табыс салығын, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын ұстап қалу және аудару тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган денсаулық сақтау саласында, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету , ақпараттандыру салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органдармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша айқындайды.";

7) 118-баптың 3-тармағында:

төртінші бөліктегі "Егер осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдар әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесін бір пайыз мөлшерінде айқындаса, онда" деген сөздер "Осы Кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында аталған адамдар үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қатысу өтілінің коэффициентін айқындау кезінде төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған кезеңде қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу кезеңдері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне 0 түзету коэффициенті қолданылған қызмет түрлері бойынша еңбек, кәсіпкерлік қызмет, жеке практикамен айналысу кезеңдері, сондай-ақ жұмыс берушісі квазимемлекеттік

сектордың субъектісі болмаған және телевизиялық бағдарламаларды жасау және тарату және (немесе) радиохабарларын тарату және (немесе) газеттерді, журналдарды және (немесе) мерзімді жарияланымдарды басып шығару жөніндегі қызметпен айналысқан жұмыскердің осы қызметтен түскен 2020 жылғы 1 сәуір – 2020 жылғы 1 қазан аралығында кірістері жеке тұлғаның салық салынуға жататын кірістерінен алып тасталған қызметті жүзеге асырған кезеңі есепке алынады.";

8) 122-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шартты ақшалай көмек осы баптың 4-тармағында аталған адамдарды (отбасыларды) қоспағанда, жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын еңбекке қабілетті табысы аз адамдарға, сондай-ақ құрамында еңбекке қабілетті мүшесі (мүшелері) бар табысы аз отбасыларға, оның ішінде қызметі Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 115-бабының 6-тармағына және 117-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тоқтатыла тұрған (факт салық органына ұсынылған нөлдік салық есептілігінің және (немесе) тоқтата тұру туралы салықтық өтініштің болуымен расталады) дара кәсіпкерлер болып табылатын жеке тұлғаларға ол (олар) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысқан жағдайда және (немесе) әлеуметтік бейімдеу қажеттілігі болған кезде көрсетіледі.";

9) 181-бапта:

1-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қатысу өтілінің коэффициентін айқындау кезінде төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған кезеңде қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу кезеңдері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне 0 түзету коэффициенті қолданылған қызмет түрлері бойынша еңбек, кәсіпкерлік қызмет, жеке практикамен айналысу кезеңдері, сондай-ақ жұмыс берушісі квазимемлекеттік сектордың субъектісі болмаған және телевизиялық бағдарламаларды жасау және тарату және (немесе) радиохабарларын тарату және (немесе) газеттерді, журналдарды және (немесе) мерзімді жарияланымдарды басып шығару жөніндегі қызметпен айналысқан жұмыскердің осы қызметтен түскен 2020 жылғы 1 сәуір – 2020 жылғы 1 қазан аралығында кірістері жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен алып тасталған қызметті жүзеге асырған кезеңі есептеледі.";

3-1-тармақтағы "Егер осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдар әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесін бір пайыз мөлшерінде айқындаса, онда" деген сөздер "Осы Кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында аталған адамдар үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 206-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жұмыс берушісі квазимемлекеттік сектордың субъектісі болмаған және телевизиялық бағдарламаларды жасау және тарату және (немесе) радиохабарларын

тарату және (немесе) газеттерді, журналдарды және (немесе) мерзімді жарияланымдарды басып шығару жөніндегі қызметпен айналысқан жұмыскердің осы қызметтен түскен 2020 жылғы 1 сәуір – 2020 жылғы 1 қазан аралығында кірістері жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен алып тасталған қызметті жүзеге асырған кезеңі";

11) 210-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген адамдарға 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемелеріне 0 түзету коэффициенті қолданылған қызмет түрлері бойынша еңбек, кәсіпкерлік қызмет, жеке практикамен айналысқан кезеңдері үшін, сондай-ақ жұмыс берушісі квазимемлекеттік сектордың субъектісі болмаған және телевизиялық бағдарламаларды жасау және тарату және (немесе) радиохабарларын тарату және (немесе) газеттерді, журналдарды және (немесе) мерзімді жарияланымдарды басып шығару жөніндегі қызметпен айналысқан жұмыскердің осы қызметтен түскен 2020 жылғы 1 сәуір – 2020 жылғы 1 қазан аралығында кірістері жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен алып тасталған қызметті жүзеге асырған кезеңі үшін орташа айлық кірістің мөлшері кірістер туралы анықтамамен расталатын кіріске сәйкес белгіленеді.";

12) 224-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Кодекстің 220-бабының 3-тармағында аталған адамдарға міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

13) 226-баптың 11-тармағының үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру төлемдері деректемелері зейнетақы аннуитеті шарттарында көрсетілетін алушының банктік шотына аударылады.

Сақтандыру төлемдерінің сомаларын аударуға және төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу сақтандыру ұйымының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.";

14) 240-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігіндегі "Егер осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдар әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесін бір пайыз мөлшерінде айқындаса, онда" деген сөздер "Осы Кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында аталған адамдар үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қатысу өтілінің коэффициентін айқындау кезінде төтенше жағдайдың, шектеу іс-шараларының қолданылу кезеңіне қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен

айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алу кезеңдері, еңбек, кәсіпкерлік қызмет кезеңдері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне 0 түзету коэффициенті қолданылған қызмет түрлері бойынша жеке практикамен айналысу кезеңдері, сондай-ақ жұмыс берушісі квазимемлекеттік сектордың субъектісі болмаған және телевизиялық бағдарламаларды жасау және тарату және (немесе) радиохабарларын тарату және (немесе) газеттерді, журналдарды және (немесе) мерзімді жарияланымдарды басып шығару жөніндегі қызметпен айналысқан жұмыскердің осы қызметтен түскен 2020 жылғы 1 сәуір – 2020 жылғы 1 қазан аралығында кірістері жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен алып тасталған қызметті жүзеге асырған кезеңі есептеледі.";

15) 243-баптың бірінші бөлігінде:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) осы Кодекстің 101-1-бабында аталған, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалар;"

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар жатады.";

16) 244-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-3-бабының" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 822-бабының" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 245-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында аталған жұмыскерлер мен адамдар үшін жұмыс берушінің мынадай түрінде төлейтін шығыстары әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады:

жұмыскердің төлем көзінен салық салуға жататын, салықтық кезең үшін есептелген кірісі

алу

салықтық кезең үшін міндетті зейнетақы жарналары

алу

салықтық кезең үшін Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 429-бабының 1), 2), 3) және 7) тармақшаларында көзделген кірістерді қоспағанда, төлем көзінен салық салуға жататын, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 400-бабының 1-тармағында көзделген кірістен азайтылатын кіріс.

Жұмыс берушінің шығыстарына әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ақшалай қамтылуы енгізіледі.

Бұл ретте бір төлеушіден әлеуметтік аударымдарды есептеудің ай сайынғы объектісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Егер күнтізбелік айда бір төлеушіден әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен кем болса, онда әлеуметтік аударымдар ең төмен жалақы мөлшеріне қарай есептеледі және төленеді.

Осы тармақтың төртінші бөлігінің ережесі осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) және 8) тармақшаларында аталған адамдарға қолданылмайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында аталған адамдар үшін мыналар әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады:

жеке тұлғаның салықтық кезең үшін есептелген, нысанасы төлем көзінен салық салуға жататын жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша кіріс сомасы

алу

салықтық кезең үшін міндетті зейнетақы жарналары

алу

салықтық кезең үшін төлем көзінен салық салуға жататын, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 400-бабының 1-тармағында көзделген кірістен азайтылатын кіріс.

Бұл ретте бір төлеушіден әлеуметтік аударымдарды есептеудің ай сайынғы объектісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында аталған адамдардың кірістерінен ұсталған әлеуметтік аударымдарды төлеушілер уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен аударады.";

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-2-бабында" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 821-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жергілікті атқарушы органдар және өзге де заңды тұлғалар осы Кодекстің 243-бабының бірінші бөлігінің б) тармақшасында аталған адамдарға төлейтін кірістер олар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға әлеуметтік қызметтер көрсететін жеке көмекшінің кірісін қоспағанда, Қорға әлеуметтік аударымдар салық салу мақсатында жеке тұлғаның кірісі ретінде қарастырылмайтын кірістерден төленбейді.

Осы тармақтың күші Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 94-тарауына сәйкес бірыңғай төлем есептелетін жұмыскерлердің кірісіне, сондай-ақ осы Кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында аталған адамдардың кірісіне қолданылмайды.";

18) 246-бапта:

2-тармақ алып тасталсын;

5-тармақтағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-4-бабының" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 823-бабының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

"10. Осы Кодекстің 101-1-бабында аталған өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын адамдардың әлеуметтік аударымдарды төлеуі күнтізбелік жылдың ағымдағы және кейінгі айлары үшін жүзеге асырылуы және кіріс алынған айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірілмей жүргізілуі мүмкін.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар және (немесе) олардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұл бойынша берешек арнаулы мобильдік қосымшаның чектері негізінде орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ақы алу кезеңіндегі кірістен есептеледі және төленеді.";

19) 248-бапта:

4-тармақ 3) тармақшасындағы "жеке тұлғалар өздері дербес жүзеге асырады." деген сөздер "жеке тұлғалар;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы Кодекстің 101-1-бабында аталған, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалар өздері дербес жүзеге асырады.";

9-тармақтың екінші бөлігінде:

1) тармақшадағы "2), 3) және 4) тармақшаларында" деген сөздер "2) және 4) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) дара кәсіпкерлер, шаруа және фермер қожалықтары, жеке практикамен айналысатын адамдар өз пайдасына – есепті айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей;"

3) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) осы Кодекстің 101-1-бабында аталған өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салықтық режимін қолданатын жеке тұлғалар – кірістер төленген айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей және күнтізбелік жылдың ағымдағы және кейінгі айлары үшін жүзеге асырады;"

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Оператор – кірістер төленген айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей жүзеге асырады.";

10-тармақтағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-4-бабының" деген сөздер " Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 823-бабының" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 249-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшаның бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Кодекстің 248-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында аталған адамдар үшін міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кірістің он пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс деп міндетті зейнетақы жарналары төленбейтін, бірақ Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын кірістен аспайтын кірістерді қоспағанда, адамның әлеуметтік аударымдарды төлеу үшін өзі дербес айқындайтын алатын кірісі түсініледі.";

2-тармақтың бірінші абзацындағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 89-1-тарауында" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 94-тарауында" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 251-бапта:

1-тармақтың алтыншы абзацындағы "5 пайыз" деген сөздер "егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, 5 пайыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігі "Бұл ретте" деген сөздерден кейін ", осы Кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында аталған адамдардың кірісін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацындағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 89-1-тарауында" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 94-тарауында" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 256-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік кіріс органы төлеушіде әлеуметтік аударымдар бойынша, агентте міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек түзілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей төлеушіге немесе агентке республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын 6 еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі берешек сомасы туралы хабарлама жібереді.";

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өтелмеген кезде мемлекеттік кіріс органы:

банктік шоттар бойынша – әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасы шегінде;

касса бойынша – кейіннен әлеуметтік аударымдарды, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, оларды уақтылы төлемегені үшін өсімпұлды төлеу есебіне аудару үшін қолма-қол ақшаны екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға төлеу және тапсыру жөніндегі операциялардан басқа, кассадағы қолма-қол ақшаның барлық шығыс операциялары бойынша оған хабарлама табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткен соң төлеушінің немесе агенттің шығыс операцияларын тоқтата тұруды жүргізеді."

23) 263-баптың 5-1-тармағы алып тасталсын.

6. 2025 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) 24-баптың 1-тармағында:

7), 10), 11) және 12) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 27) тармақшамен толықтырылсын:

"27) табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемақы.";

2) 25-баптың 1-тармағында:

2), 3) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемақы.";

3) 26-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы алып тасталсын;

4) 27-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;

5) 30-баптың 1-тармағының 8) тармақшасында:

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"су қорын басқару, қорғау және пайдалану саласындағы саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ету;

суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу және бағалау бойынша іс-шаралар өткізу;"

мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші, абзацтармен толықтырылсын:

"жерасты суларын мониторингтеу, іздеу, қорғау және бағалау бойынша іс-шаралар өткізу;

су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды, оның ішінде су беруге байланысты еместерін күтіп-ұстау, пайдалану, жөндеу, реконструкциялау, сондай-ақ қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету;

мемлекетаралық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды жөндеуге үлестік қатысу;

табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулерді жүзеге асыру;"

6) 31-баптың 1-тармағында:

8) тармақшада:

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;"

сегізінші абзац "жүйелерін," деген сөзден кейін "су шаруашылығы құрылысжайлары мен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"су қорын қорғау, су үнемдеу және су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру, судың зиянды әсерінің алдын алу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыру;"

9) тармақшада:

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"коммуналдық меншіктегі жылумен, электрмен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін және олардың элементтерін құру және реконструкциялау;"

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"коммуналдық меншіктегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;"

7) 32-баптың 1-тармағында:

8) тармақшада:

жетінші абзацтағы "құрылысжайларының" деген сөз "құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы "облыстық маңызы бар су қорғау аймақтарын, су объектілері белдеулерін" деген сөздер "су қорғау аймақтарын, су объектілері белдеулері мен аймақтарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;"

оныншы абзац "жүйелерін," деген сөзден кейін "су шаруашылығы құрылысжайлары мен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"су қорын қорғау, су үнемдеу және су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру, судың зиянды әсерінің алдын алу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыру;"

9) тармақша мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"коммуналдық меншіктегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;"

8) 139-баптың 6-тармағының алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі нарықта шығаратын мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, қызмет көрсету және өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында Қазақстан Республикасының Үкіметі шығаратын мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді айналысқа жіберуге жол берілмейді."

9) 168-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 28) тармақшамен толықтырылсын:

"28) осы Кодекстің 58-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген, салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша мұнай секторы ұйымдарынан түсетін салықтық түсімдер.;"

4-тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасындағы "су көздерінің" деген сөздер "су объектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігінде:

б) тармақша алып тасталсын;

9) тармақшадағы "су көздерінің" деген сөздер "су объектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

7-тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы алып тасталсын.

7. 2025 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне:

1) 23-баптың 1-тармағының 34) тармақшасындағы "су көздерінің" деген сөздер "су объектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 26-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "су көздерінің" деген сөздер "су объектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 27-баптың 1-тармағының 11) және 12) тармақшаларындағы "су көздерінің" деген сөздер "су объектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 52-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "су көздерінің" деген сөздер "су объектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 59-баптың 1-тармағындағы "су көздерінің" деген сөздер "су объектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

14-2-баптың оныншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот актілерінің, сот орындаушылары мен құқық қорғау органдары қаулыларының (тыйым салуларының, қамаққа алуларының), заңды тұлғада, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінде немесе қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінде және дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғада қырық бес айлық есептік көрсеткіш және одан көп, пайда болған күннен бастап төрт ай ішінде өтелмеген салық берешегінің, кеден төлемдерін, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, пайыздар мен өсімпұлды төлеу бойынша берешегінің және (немесе) орындалмаған міндеттерінің, заңды тұлғаның басшысына немесе құрылтайшысына тіркелген өзге де заңды тұлғаларда әлеуметтік төлемдер бойынша берешегінің болуы, сондай-ақ осы Заңның 11-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 4-1), 5) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайлар өтініш берушіге бұл туралы хабар бере отырып, электрондық хабарламаны орындаусыз қалдыруға негіз болып табылады."

9. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына :

1) 30-бапта:

2 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жекеше нотариустардың нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де көрсетілетін қызметтері үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және консультация беруді жүзеге асырғаны үшін мөлшерлемелер мөлшерін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді.";

"5. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген, жеке және заңды тұлғалар үшін нотариаттық әрекеттерге ақы төлеу бойынша жеңілдіктер осы баптың 1-тармағында белгіленген адамдар нотариаттық әрекеттерді жасаған кезде осындай тұлғаларға қолданылады.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Жекеше нотариус жасайтын нотариаттық әрекеттер және өзге де көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеуден мыналар босатылады:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы

жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ бала жасынан мүгедектігі бар адамның, мүгедектігі бар баланың ата-анасының бірі – барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

2) "Батыр Ана" атағына ие болған, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көпбалалы аналар – барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету орталықтарында тұратын қарт адамдар – барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қорғаншылық тағайындалған созылмалы жан күйзелісі ауруымен ауыратын жеке тұлғалар – өздерінің мүлікке мұрагерлігі туралы куәліктер алғаны үшін;

5) жасына байланысты зейнеткерлер – осы Заңның 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 14), 15-1), 16) және 17) тармақшаларында белгіленген нотариаттық әрекеттерді қоспағанда, барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

6) қандастар – Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға байланысты барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

7) жетім балалар және он сегіз жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар – белгіленген тарифтің 50 пайызы мөлшерінде;

8) "Қазақстан мүгедектігі бар адамдардың ерікті қоғамы" одағы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, сондай-ақ олардың өндірістік кәсіпорындары – белгіленген тарифтің 50 пайызы мөлшерінде.";

2) 30-1-бап алып тасталсын;

3) 32-бап мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

"16-1) нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де көрсетілетін қызметтер үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және жекеше нотариустардың консультация беруді жүзеге асырғаны үшін мөлшерлемелер мөлшерін бекітеді."

10. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-бапта:

мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) сақтандыру міндеттемелері – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес актуарийлік есептеулер негізінде бағаланатын міндеттемелері";

23) тармақшадағы "сақтандыру резервтері –" деген сөздерден кейін "пруденциялық нормативтерді есептеу мақсаттары үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 19-бапта:

2-1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сақтандыру резервтерінің мөлшерін есептеу және сақтандыру міндеттемелерін бағалау;"

4-2-тармақ "есептеген кезде" деген сөздерден кейін "және сақтандыру міндеттемелерін бағалау кезінде" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ "резервтерін қалыптастыру" деген сөздерден кейін ", сақтандыру міндеттемелерін бағалау" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 47-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Пруденциялық нормативтерді және уәкілетті орган белгілеген өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді сақтау үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар актуарий есептеген көлемде қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің болуы міндетті.";

2-тармақ алып тасталсын;

4) мынадай мазмұндағы 47-1-баппен толықтырылсын:

"47-1-бап. Сақтандыру міндеттемелері

1. Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар актуарий есептеген көлемде сақтандыру міндеттемелері болуға міндетті.

2. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес сақтандыру міндеттемелерін бағалауға және олардың құрылымына және оларды бағалауды автоматтандыруға, сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне қойылатын талаптары, оны келісу тәртібі мен мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру міндеттемелерінің жеткіліктілігін бағалау үшін уәкілетті орган уәжді пайымдауды пайдалануға құқылы.";

5) 53-3-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) сақтандыру міндеттемелерін қосымша қалыптастыруға;"

6) 75-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру резервтерін есептеу және сақтандыру міндеттемелерін бағалау бойынша міндетті актуарийлік қорытындылар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жылдық қаржылық есептілігінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша жылдық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады және уәкілетті органға ұсынылуға жатады.";

2-тармақтағы "Міндетті актуарий қорытындысының" деген сөздер "Міндетті актуарийлік қорытындылардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

10-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін құжатқа немесе электрондық құжатқа қол қоятын, электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін заңды түрде иеленетін және оны өз өкілеттіктері не мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелеріне, анықтамаларға, құжаттарға немесе электрондық құжаттарға қол қоюдың автоматтандырылған процесі үшін тиісті тіркеу куәлігі берілген ақпараттық жүйе шеңберінде пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға пайдаланады.

Куәландырушы орталық ақпараттық жүйеге берген тіркеу куәлігінен алынған электрондық цифрлық қолтаңба заңды тұлғаның бірінші басшысының – ақпараттық жүйе иесінің немесе жеке тұлғаның – ақпараттық жүйе иесінің қолтаңбасына теңестіріледі."

12. "Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2003 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

1-4), 1-5), 1-6) және 1-7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-4) қыздырылатын темекісі бар бұйым – темекіні қыздыру жүйесінде пайдалануға арналған темекі бұйымы ингредиенттері қосылған немесе қосылмаған темекі шикізатынан тұратын темекі бұйымының түрі;

1-5) орам – белгілі қорап саны бар топтап тұтыну ыдысының бірлігі;

1-6) сәйкестендіру – белгілі бір өнімді өндіру, айналымға шығару (айналысы), пайдалану саласында оны өзіне ұқсас өнімнің арасында айырым белгілері бойынша ауыстырмай тануды қамтамасыз ететін рәсім;

1-7) сәйкестендіру құралы – штрих код түрінде ұсынылған немесе радиожілік белгісіне жазылған немесе автоматты түрде сәйкестендірудің өзге құралы (технологиясы) пайдаланыла отырып ұсынылған, машинамен оқылатын нысандағы символдардың бірегей тізбегі;"

мынадай мазмұндағы 1-8) тармақшамен толықтырылсын:

"1-8) таңбалау – тұтынушыға арналған ақпаратты құрайтын және қорабы мен орамындағы мәтін, шартты белгі және суреттер;"

13. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

44-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы жеке тұлғаның тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүддесінде мәмілелерді жүзеге асырған жағдайда Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген талаптарды сақтау

мақсатында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды өткізу кезінде жеке тұлғалардың құн өсімінен түсетін кірісін есепке алуды және есептеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүддесінде мәмілелер жүзеге асырылған жеке тұлғаға әрбір өткізу бойынша оң және теріс айырмалар бойынша таратып жазуды қоса алғанда, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кіріс бойынша мәліметтерді күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей ұсынуға міндетті."

14. "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 11-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес сақтандыру міндеттемелерін бағалау мен олардың құрылымына және оларды бағалауды автоматтандыруға, сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне қойылатын талаптарды, оларды келісу тәртібі мен мерзімдерін бекітеді";

2) 13-5-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "сақтандыру резервтерінің" деген сөздерден кейін "және сақтандыру міндеттемелерінің" деген сөздермен толықтырылсын.

15. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 30-1) тармақшамен толықтырылсын:

"30-1) сәйкестендіру коды – сауда қызметінде бір мәнді сәйкестендірілуі мақсатында штрих-код түрінде ұсынылған, тауарлар түрлеріне берілетін және Ұлттық тауарлар каталогында қамтылатын, машинамен оқылатын нысандағы символдардың бірегей тізбегі";

45) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"45) Ұлттық тауарлар каталогы – тауарлар туралы ұлттық деректер тіркелімі, сондай-ақ тауарлар номенклатурасының бірыңғай көзі болып табылатын және сауда қызметінде тауарлар анықтамалығы ретінде пайдаланылуға міндетті "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісі";

2) 7-4-баптың 1-тармағында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тауарларды Ұлттық тауарлар каталогында тіркеу және олар туралы мәліметтерді жаңартып отыру";

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) фискалдық деректер операторларының функцияларын жүзеге асыру үшін Ұлттық тауарлар каталогын олардың пайдалануы бойынша, оның ішінде сәйкестендіру

кодын тексеру және бақылау-касса машиналары арқылы Ұлттық тауарлар каталогында тауарларды тіркеуге қол жеткізу үшін қызметтер көрсету, сондай-ақ тауардың біріздендірілген атауы мен сәйкестендіру кодын беру;"

3) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 9-1) және 9-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) тауарларды өндіру немесе импорттау кезінде оларды сату жүзеге асырылғанға дейін Ұлттық тауарлар каталогында тіркеуге;

9-2) бөлшек және көтерме сауда кезінде тауарларды сатуды тауарлар туралы мәліметтер Ұлттық тауарлар каталогында болған кезде ғана жүзеге асыруға;"

4) 32-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жалпы сыныптамасына сәйкес тауарлар сыныпталуға және Ұлттық тауарлар каталогына сәйкес олардың біріздендірілген атауы мен сәйкестендіру коды болуға тиіс."

16. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

41-1-бап мынадай мазмұндағы 1-4 және 1-5-тармақтармен толықтырылсын:

"1-4. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 89-бабының 2-тармағында айқындалған жағдайларда, масс-медиа саласындағы уәкілетті орган қызметін Қазақстан Республикасының аумағында интернет-алаң арқылы жүзеге асыратын шетелдік компанияның интернет-ресурсқа және (немесе) интернет-алаңға қол жеткізуін шектеу туралы салық органының шешімі негізінде осындай шешімді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қызметін Қазақстан Республикасының аумағында интернет-алаң арқылы жүзеге асыратын шетелдік компанияның интернет-ресурсқа және (немесе) интернет-алаңға қол жеткізуін шектеу туралы нұсқама шығарады. Байланыс операторлары және (немесе) мемлекеттік техникалық қызмет нұсқаманы орындау бойынша дереу шаралар қабылдауға міндетті.

1-5. Интернет-ресурсқа және (немесе) интернет-алаңға қол жеткізуді шектеуді алып тастау Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген негіздер бойынша салық органы басшысының немесе оның орынбасарының шешімі бойынша жүргізіледі.

Масс-медиа саласындағы уәкілетті органның шектеуді алып тастау бойынша шаралар қабылдауы осы баптың 1-4-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады."

17. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

13-1-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Энергия беруші ұйым болып табылмайтын электр желілерінің меншік иесі өзіне тиесілі электр желісінің жекелеген бөлігіне (жекелеген бөліктеріне) меншік құқығын электр желісінің осы бөлігі (осы бөліктері) желілеріне тікелей қосылған энергия беруші ұйымға беруге құқылы."

18. "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын және күнтізбелік жылдағы кірісі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 135000 еселенген мөлшерінен аспайтын;"

2) 20-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібін бекітеді."

19. "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бапта:

11) тармақшадағы "уәкілетті органдарға" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

12) "қол созу" қағидаты – мәмілелерге қатысушылар арасындағы мәмілелер шарттарын осы Заңда белгіленген тәртіппен айқындалған нарықтық шарттарда мәмілелерді жүзеге асыратын тәуелсіз тараптар арасындағы салыстырымды экономикалық жағдайларда жасалатын мәмілелер шарттарымен салыстыру негізінде нарықтық шарттарды, оның ішінде нарықтық бағаларды (маржаларды, рентабельділікті) айқындау үшін қолданылатын қағидат;"

мынадай мазмұндағы 14-1) және 24-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-1) материалдық емес актив – физикалық пішіні жоқ сәйкестендірілетін ақшалай емес актив және (немесе) зияткерлік қызметтің нәтижесі, сондай-ақ өндірісте пайдалануға (жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге) немесе әкімшілік мақсаттарға арналған өзге де зияткерлік меншіктің объектілері;"

"24-1) тәуекелсіз пайыздық мөлшерлеме – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген базалық мөлшерлемесі негізге алына отырып теңге үшін айқындалатын мөлшерлеме; еуро үшін Еуропалық банкаралық ұсыныс мөлшерлемесімен (EURIBOR) айқындалады; Америка Құрама Штаттарының доллары үшін "овернайт" қамтамасыз етілген қаржыландыру мөлшерлемесімен (SOFR) белгіленеді; қалған валюталар үшін мөлшерлеме шет мемлекеттің Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі негізге алына отырып айқындалады;"

26) тармақшадағы "уәкілетті органдар" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 2-тармағының бірінші абзацындағы "уәкілетті органдардың" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 4-бапта:

тақырыптағы "Уәкілетті органдардың" деген сөздер "Уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацындағы "Уәкілетті органдар" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті орган:";

4-тармақтағы "Уәкілетті органдар" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 5-бапта:

1-тармақтағы "уәкілетті органдарға", "уәкілетті органдардан", "уәкілетті органдар", "уәкілетті органдармен" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органға" "уәкілетті органнан", "уәкілетті орган", "уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

2) тармақшадағы "уәкілетті органдардың" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Заңда айқындалған тәртіппен уәкілетті органға мәмілелер мониторингі бойынша ақпаратты және есептілікті, сондай-ақ өзге де құжаттарды беруге міндетті.

Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша мәмілеге қатысушы сұрау салуды алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мәміленің қолданылатын бағасының негізділігін растайтын ақпаратты және құжаттарды береді;"

5) тармақшадағы "уәкілетті органдардың" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың 2) және 6) тармақшаларындағы "уәкілетті органдардың" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 6-бапта:

1 және 3-тармақтардағы "уәкілетті органдардың", "уәкілетті органдар" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органның", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "уәкілетті органдарға" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 7-2-баптың 3-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацындағы "валюта айырбастаудың тиісті қаржы жылындағы орташа арифметикалық нарықтық бағамы" деген сөздер ", тиісті қаржы жылындағы орташа арифметикалық ресми валюта бағамы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 7-3-баптың 4-тармағының екінші абзацындағы "валюта айырбастаудың тиісті қаржы жылындағы орташа арифметикалық нарықтық бағамы" деген сөздер ", тиісті

қаржы жылындағы орташа арифметикалық ресми валюта бағамы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 8-бапта:

тақырыптағы "Уәкілетті органдардың" деген сөздер "Уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацындағы "Уәкілетті органдар" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 9-баптың 1-тармағында:

бірінші абзацтағы "Уәкілетті органдар" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мәміле шарттарының нарықтық шарттардан немесе мәміле бағасының нарықтық бағалардан ауытқу фактісі анықталған кезде;"

10) 10-бапта:

1-тармақтағы "мәміле бағасының нарықтық бағадан" деген сөздер "мәміле шарттарының нарықтық шарттардан немесе мәміле бағасының нарықтық бағалардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші абзацы "бағасының" "бағалар", "бағадан" деген сөздерден кейін тиісінше "(маржасының, рентабельділігінің)", "(маржа, рентабельділік)", "(маржадан, рентабельділіктен)" деген сөздермен толықтырылсын;

5-1-тармақ "бағасы", "бағалар", "бағадан" деген сөздерден кейін тиісінше "(маржасы, рентабельділігі)", "(маржа, рентабельділік)", "(маржадан, рентабельділіктен)" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтағы ", осы мәмілелердің есепті кезеңдегі табыстары немесе шығыстары және басқа да салық салу объектілері бағалар ауқымы ескеріле отырып, нарықтық баға тұрғысынан айқындалатын жағдайдағыдай болып есептелетін" деген сөздер алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Салықтар және (немесе) кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктері бар мәмілеге қатысушыда бағалар ауқымы ескеріле отырып, мәміле шарттарының нарықтық шарттардан немесе мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу фактісі анықталған жағдайда, мәміле шарттарының нарықтық шарттардан немесе мәміле бағасының нарықтық бағадан (маржадан, рентабельділіктен) ауытқуы анықталған кезеңде салықтарды және төлемдерді төлеу Қазақстан Республикасының салықтық және кедендік міндеттемелерді азайтатын заңнамасының арнайы ережелері қолданылмастан, жалпы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

8-тармақтың бірінші және үшінші бөліктеріндегі "өзара байланысты тараптар" деген сөздер "мәмілеге қатысушылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) мынадай мазмұндағы 10-2-баппен толықтырылсын:

"10-2 бап. Мәміле шарттарын нарықтық шарттармен салыстыру және функционалдық талдау

1. Мәміле шарттарының нарықтық шарттардан немесе мәміле бағасының нарықтық бағалардан ауытқу фактісін анықтау үшін бақыланатын мәмілені дәл айқындау керек.

2. Бақыланатын мәмілені дәл айқындау процесінде мынадай экономикалық маңызы бар сипаттамаларды анықтау қажет:

1) міндеттерді, тәуекелдер мен пайданы және бақыланатын мәміленің тиісті тараптар арасында қалай бөлінетінін айқындау мақсатында жазбаша шарттарға да немесе басқа жазбаша дәлелдемелерге де, тараптардың нақты мінез-құлқына да негізделетін мәмілелер шарттары;

2) пайдаланылатын активтер мен қабылданатын тәуекелдерді ескере отырып, мәміле тараптарының әрқайсысы орындайтын функциялардың, активтердің және тәуекелдердің құн құрумен қалай байланысты екенін қоса алғанда, осындай функциялар;

3) мәміленің шарттарына ықпал етуі мүмкін тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің сипаттамалары;

4) нарықтардың географиялық жағдайы мен ауқымын, орналасқан жерінің артықшылықтары, нормативтік құқықтық актілерін, жұмыс күшінің құны, капитал, сондай-ақ өндірістің басқа факторлары, жалпы экономикалық даму мен бәсекелестік деңгейі, сондай-ақ тиісті нарықтар сипаттамаларының болуы сияқты өңірлік айрықша факторларын қоса алғанда, тараптардың және тараптар жұмыс істейтін нарықтың экономикалық жай-күйі;

5) мәміле тараптарының нарыққа енгізу стратегиясын, өнімдердің өмірлік циклдерін немесе құқықтарды, инновацияларды, өнімдер әзірлеуді, тәуекелдерді болғызбауды және саясатты өзгертуді қамтитын, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасына әсер ететін нарықтық (коммерциялық) стратегияларының сипаттамасы.

3. Бақыланатын мәмілені айқындау қорытындысы бойынша экономикалық маңызы бар сипаттамалар ескеріле отырып, бақыланатын мәміленің шарттары мен бағаларын нарықтық шарттармен немесе нарықтық бағалармен салыстыру жүргізіледі.

4. Материалдық емес активтердің бақыланатын және салыстырымды мәмілелердің шарттарына әсерін айқындау мен талдау, атап айтқанда мыналар, бірақ бұл ғана емес:

1) материалдық емес активтерді заңды түрде иелену және оларды пайдаланудың шарттық жағдайлары ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

Егер материалдық емес активтің заңды иесі реттеуші келісімшарттарға сәйкес айқындалмаса, онда материалдық емес активті пайдалануға қатысты шешімдерді бақылайтын және басқа тұлғаларды материалдық емес активті пайдаланудан шектеуге практикалық мүмкіндігі бар салық төлеушілер осындай тұлға болып табылады;

2) материалдық емес активтердің санаттары мен сипаттамалары (құқықтық қорғаудың эксклюзивтілігі, дәрежесі және ұзақтығы, қолданудың географиялық қолдану аясы, тиімді пайдалану мерзімі, әзірлеу сатысы және өзге де санаттары мен сипаттамалары);

3) материалдық емес активтермен байланысты шарттық және нақты функциялары ескеріле отырып, жүзеге асырылады. Бұл функциялар осындай активтерді әзірлеуге, жетілдіруге, қолдауға, қорғауға және пайдалануға байланысты тәуекелдерді бақылауға қатысты функцияларды қамтиды.

5. Егер материалдық емес активтің заңды иесі осы баптың 4-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген функцияларды және байланысты тәуекелдерді бақылауды жүзеге асыруды орындамаса, онда қарастырылып отырған материалдық емес активке қатысты кірістер мен шығыстарды бөлу осы иеленушіге жүргізілмейді және осындай функцияларды орындағаны үшін тиісті өтемақыны ұсыну арқылы осы функцияларды орындайтын басқа өзара байланысты тұлғалардың қатысуы ескеріліп жүзеге асырылады.

6. Осы баптың 4-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген функцияларды орындамайтын және осындай функцияларды орындау үшін қаржыландыруды ғана ұсынатын материалдық емес активтің заңды иесі мынадай жағдайларда кіріс сомасын алуға құқылы:

1) егер қаржыландыруды ұсынатын тұлға өзіне кез келген басқа тәуекелді қабылдамай, қаржыландыруды ұсынуға байланысты қаржылық тәуекелді бақылауды жүзеге асырмаса, онда ол өзінің қаржыландыруынан тәуекелсіз пайыздық мөлшерлеме бойынша ғана кіріс алуға құқылы;

2) егер қаржыландыруды ұсынатын тұлға өзіне кез келген басқа тәуекелді қабылдамай, қаржыландыруды ұсынуға байланысты қаржылық тәуекелді бақылауды жүзеге асыратын болса, онда ол өзінің қаржыландыруынан тәуекелді ескеріліп түзетілген кірістілікті ғана алуға құқылы.

7. Егер жүзеге асырылған бақыланатын мәміленің шарттары жасалған (жазбаша) шарттың талаптарына сай келмесе және (немесе) бақыланатын мәміле тараптарының әрекеттері және оны жүргізу мән-жайлары осындай шарттың талаптарынан өзгеше болса, трансферттік баға белгілеу мақсаттары үшін бақыланатын мәміленің коммерциялық және (немесе) қаржылық сипаттамалары мәміле тараптарының іс жүзіндегі әрекеттеріне және оны жүргізудің нақты шарттарына сәйкес айқындалады.

8. Егер бақыланатын мәміле жүзеге асырылса, бірақ құжатпен рәсімделмесе (расталмаса), трансферттік баға белгілеу мақсаттары үшін мәміле оның тараптарының нақты мінез-құлқына және оны жүргізудің нақты шарттарына сәйкес қаралуға тиіс, атап айтқанда, мәміле тараптары орындаған функциялар, пайдаланылған активтер және тараптардың әрқайсысы өзіне қабылдаған және бақылаған тәуекелдер ескеріледі.

9. Экономикалық маңызы бар тәуекелдерді айқындау үшін мыналар қажет:

1) мәміле тәуекелдерін егжей-тегжейлі айқындау;

2) шарттық қатынастар негізінде тәуекелдерді бөлуді айқындау;

3) тәуекелдерді бақылауға және азайтуға байланысты функцияларды мәміле тараптары қалай орындайтынын және осы тәуекелдердің нәтижелері мәміле тараптарына қалай әсер ететінін және мәміле тараптарының қайсысында осы тәуекелдердің әсерін қабылдауға қаржылық мүмкіндік бар екенін айқындау;

4) тәуекелдерді шарттық бөлу мен тараптардың мінез-құлқы арасындағы сәйкестікті айқындау. Егер шарт бойынша тәуекелдерді қабылдайтын тарап тәуекелдерді бақылау жөніндегі функциялардың барлығын немесе көпшілігін орындайтын және өзіне тәуекелдерді қабылдау үшін қаржылық мүмкіндіктері бар тараптан өзгеше болса, онда тәуекел осы мәміле тарапына бөлінеді. Осы талдаудың мақсаттары үшін тәуекел жүктелмеген басқа мәміле тараптары сонда да өздері орындайтын функциялар үшін тиісті сыйақыны алуға тиіс.

10. Егер мәміле тараптарының әрекеттеріне және оның орындалуына сәйкес айқындалған, трансферттік баға белгілеу мақсаттары үшін бақыланатын мәміленің шарттары салыстырымды экономикалық жағдайларда экономикалық себептердің болуы ескеріле отырып, тәуелсіз тараптар арасында қолданылатын шарттардан өзгеше болса және салыстырымды экономикалық жағдайларда әрекет ететін және мәміле тараптарының әрқайсысы үшін қолжетімді баламалы нұсқаларды ескеріле отырып, кіріс алуға бағытталған қызметті жүзеге асыратын тәуелсіз тараптардың мұндай бақыланатын мәмілеге келмеуі мүмкін екені анықталатын болса, уәкілетті органның салық төлеушінің салық есебін есептеу кезінде мұндай бақыланатын мәмілені ескермеуге (мойындамауға) құқығы бар немесе мәміле салыстырымды экономикалық жағдайларда кіріс алу мақсатында әрекет ететін тәуелсіз тараптар жасауы мүмкін мәміленің (келісімшарттың) талаптарын айқындау мақсатында баламалы нұсқаға ауыстырылуы мүмкін.";

12) 11-баптың екінші бөлігінің 11) тармақшасы "жеке тұлғаның" деген сөздерден кейін "жұбайы (зайыбы)," деген сөздермен толықтырылсын;

13) 13-бапта:

2-тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасындағы "Уәкілетті органдардың" деген сөздер "Уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "мәмілеге қатысушы мен өзара байланысты тарап арасындағы және тәуелсіз екі және одан көп тарап арасындағы салыстырымды мәмілелер" деген сөздер "мәмілеге қатысушының салыстырымды мәмілелері тәуелсіз екі және одан да көп тарап арасындағы салыстырымды мәмілелермен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың бірінші абзацындағы "жатады" деген сөз "жатқызылуы мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

15-баптың 1-тармағында:

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) қаржы саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының салық, кеден және бюджет заңнамасының сақталуын, мемлекеттік мүліктің ұтымды пайдаланылуы мен сақталуын, экономикалық және қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;"

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) қаржы мониторингі саласындағы уәкілетті орган – қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қолданатын, экономикалық және қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ экономикалық және қаржылық қызмет саласында адамның және азаматтың құқықтарына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардың алдын алуды, оларды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

21. "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

12-баптың 3-тармағында:

екінші бөлікте:

1) тармақшада:

бірінші бөліктегі "егер" деген сөз "мемлекеттік кіріс органдарынан жұмыстан шығарылған, кемінде он бес жыл жұмыс өтілі бар адамдарды қоспағанда, егер" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әкімші қызметін жүзеге асыру құқығына үміткер адамның біліктілік емтиханын тапсырғаны туралы Комиссия шешімі мұндай адамда мемлекеттік кіріс органдарында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда қоса берілмейді.";

2) тармақшадағы "сертификаты қоса беріледі." деген сөздер "сертификаты;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) егер осы тармақтың 1) тармақшасының екінші бөлігінде аталған адам өтініш беруші болып табылса – мемлекеттік кіріс органдарында кемінде он жыл жұмыс өтілін растайтын құжат қоса беріледі.".

22. "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 3-1) тармақшасындағы "(концессия)" деген сөз "(концессия, концессия шарты)" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 14-бапта:

1-тармақтағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-3-бабында" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 820-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

2-1) тармақшаның бірінші бөлігіндегі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-3-бабында" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 820-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалар;"

4-2 және 4-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:"

"4-2. Жеке көмекшілердің жарналарын есептеуді (ұстап қалуды) және аударуды жергілікті атқарушы органдар немесе өзге де заңды тұлғалар оларға кіріс төлеген кезде жүзеге асырады.

4-3. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын және орындаушылар болып табылатын жеке тұлғалар үшін жарналарды ұстап қалуды және аударуды Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде айқындалған интернет-платформа операторы жүзеге асырады.";

7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті атқарушы органдар немесе өзге де заңды тұлғалар жеке көмекшілерге кіріс төлеген кезде оларды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға ұстап қалған және аударылған жарналар туралы хабардар етуге міндетті.";

2) 17-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) төлеушілерден, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық агенті деп танылған интернет-платформалар операторларынан түсетін аударымдарды, жарналарды және (немесе) аударымдардың және (немесе) жарналардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлды өңдеуді және банктік үш күн ішінде қорға аударуды жүзеге асырады;"

2-1) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде айқындалған интернет-платформа операторына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық агенті деп танылған интернет-платформалар операторларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 27-бапта:

1-1-тармақтың бірінші абзацындағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-3-бабының" деген "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 822-бабының" сөздер деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 802-бабының 2-тармағында көрсетілген, арнаулы салық режимдерін қолданатын, микрокәсіпкерлік және шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын, жұмыс берушінің жұмыскерге Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 426-бабында көзделген кіріс түрінде төлейтін шығыстары аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.";

4) 28-бапта:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның 14-бабы 2-тармағының 3-1) тармақшасында аталған адамдардың жарналары жарналарды есептеу объектісінің бір пайызы мөлшерінде айқындалады.";

5-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның 14-бабы 2-тармағының 3-1) тармақшасында аталған адамдардың осы Заңның 29-бабына сәйкес есептелген және қолданатын режим шеңберінде қызметін жүзеге асырған айда алған кірістері олардың жарналарын есептеу объектісі болып табылады.";

5-1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1. Жұмыскердің Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 426-бабында көзделген, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 820-бабының 2-тармағында көрсетілген, микрокәсіпкерлік және шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жұмыс беруші есепке жазған кірісі жұмыскерлердің осы Заңның 14-бабы 2-тармағының 2-1) тармақшасында көзделген, қорға төленуге тиіс жарналарын есептеу объектісі болып табылады.";

5) 29-бапта:

1, 2, 2-1, және 2-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жұмыскерлер, оның ішінде мемлекеттік және азаматтық қызметшілер үшін мыналар аударымдарды және (немесе) жарналарды есептеу объектісі болып табылады:

жұмыскердің салықтық кезең үшін есептелген, төлем көзінен салық салуға жататын кірісі

алу

"Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 429-бабының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, салықтық кезең үшін Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 400-бабының 1-тармағында көзделген кірістен азайтылатын кіріс.";

Кәсіби қызметін жүзеге асырумен байланысты шет мемлекеттің аумағында болуы кезеңінде осы баптың 4-тармағында белгіленген кірістерді қоспағанда, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының аумағында ұлттық валютамен есепке жазған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының шетелдік мекемесіне жұмысқа жіберілген дипломатиялық қызмет персоналының кірістері болып табылады.

2. Жеке тұлғалардың кірістері үшін азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша мыналар жарналарды есептеу объектісі болып табылады:

жеке тұлғаның салықтық кезең үшін есептелген, төлем көзінен салық салуға жататын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша кірісінің сомасы

алу

салықтық кезең үшін төлем көзінен салық салуға жататын, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 400-бабының 1-тармағында көзделген кірістен азайтылатын кіріс.

2-1. Жеке көмекшілерге төленетін кірістер олардың кірістері болып табылады.

2-2. Осы Заңның 14-бабы 2-тармағының 3-1) тармақшасында аталған адамдардың кірістері қолданылатын режим шеңберінде қызметін жүзеге асырған ай үшін алған кірістері олардың кірістері болып табылады.";

4-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қорға аударымдар және (немесе) жарналар салық салу мақсатында жеке тұлғаның кірісі ретінде қарастырылмайтын төлемдер мен кірістерден ұсталмайды.";

екінші абзацтағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-1-бабына" деген сөздер "Салық кодексінің 820-бабына" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 30-бапта:

1-1-тармақтағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-4-бабының" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 823-бабының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-3-тармақтағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 686-3-бабының 3-тармағында" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 720-бабының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың 5) тармақшасы алып тасталсын;

7) 31-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешек түзілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік кірістер органы төлеушіге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында

қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшерінен асатын мөлшердегі берешек сомасы туралы хабарлама жібереді.";

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешек өтелмеген жағдайда мемлекеттік кіріс органы шығыс операцияларын:

банктік шоттар бойынша – берешек сомасы шегінде;

касса бойынша – өзіне хабарлама табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткен соң оларды уақтылы төлемегені үшін есепке жатқызылған аударымдарды және (немесе) жарналарды, өсімпұлды төлеу шотына кейіннен аудару үшін қолма-қол ақшаны екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға төлеу және тапсыру жөніндегі операциялардан басқа, кассадағы қолма-қол ақшаның барлық шығыс операциялары бойынша тоқтата тұрады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Осы баптың мақсаттары үшін аударымдарды төлеушілер, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар, жеке көмекшілерге кіріс төлеген кезде жергілікті атқарушы органдар немесе өзге де заңды тұлғалар төлеуші деп түсініледі."

24. "Лотереялар және лотерея қызметі туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

9-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Лотерея терминалдары ұтыстарды төлеу кезінде төлем көзінен жеке табыс салығын ұстап қалуды қамтамасыз етуге тиіс."

25. "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

13-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 679-бабы 1-тармағының 39) тармақшасына сәйкес, бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын кірісі деп танылатын операциялар туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органына ұсынады."

26. "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

63-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Адвокаттық кеңсе клиенттермен және үшінші тұлғалармен есеп айырысу бойынша және адвокаттық кеңсенің құрылтай құжаттарында көзделген басқа да мәселелер бойынша адвокаттардың өкілдері болып әрекет ете алады."

27. "Өнеркәсіптік саясат туралы" 2021 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 29-бап мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) арнаулы инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде импортты кедендік әкелім баждарын және қосылған құн салығын төлеуден босату;"

2) 2-тарау мынадай мазмұндағы 42-1 және 42-2-баптармен толықтырылсын:

"42-1-бап. Арнаулы инвестициялық жоба

1. Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бос қойманың иесі ретінде тіркелген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы іске асырған (іске асыратын) және (немесе) арнайы экономикалық аймақтың қатысушысынан сатып алынған не моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы іске асырған инвестициялық жоба арнаулы инвестициялық жоба деп түсініледі

2. Арнаулы инвестициялық келісімшарт шеңберінде арнаулы инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес технологиялық жабдықты, оның жиынтықтауыштары мен қосалқы бөлшектерін импорттау кезінде кедендік баждар салудан босатылады.

Арнаулы инвестициялық келісімшарт негізінде арнаулы инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары әкелген пайдаланылған шикізатты және (немесе) материалдарды кедендік баждар салудан босату еркін кеден аймағының немесе бос қойманың кедендік рәсімінің қолданылуы аяқталған кезде, алынған өнімде осындай шикізат пен материалдар сәйкестендірілген және шартты түрде шығарылған тауарлардың нысаналы пайдаланылуы танылған жағдайда жүзеге асырылады.

Арнаулы инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде кедендік әкелім баждарын салудан босату:

1) арнайы экономикалық аймақтарға қатысушыларға он бес жылға, бірақ арнайы экономикалық аймақтардың әрекет ету мерзімінен аспайтындай болып;

2) бос қоймалардың иелеріне, арнаулы инвестициялық келісімшарт тіркелген кезден бастап он бес жылдан аспайтын мерзімге;

3) моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына арнаулы инвестициялық келісімшарт тіркелген кезден бастап он бес жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

3. Арнаулы инвестициялық келісімшарт шеңберінде шикізатты және (немесе) материалдарды импорттауды қосылған құн салығынан босату Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген шарттарға сәйкес қолданылады.

42-2-бап. Арнаулы инвестициялық келісімшартты жасасу және бұзу, бақылау

1. Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес импортты кедендік әкелім баждарын төлеуден және Қазақстан Республикасының Салық кодексінде

белгіленген шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатуды көздейтін шарт арнаулы инвестициялық келісімшарт болып табылады.

2. Арнаулы инвестициялық келісімшарт арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бос қойманың иесі ретінде қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына, өнеркәсіптік құрастыру туралы тиісті келісім болған кезде көлік құралдарын және (немесе) олардың құрауыштарын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасын және (немесе) оның құрауыштарын өндірушілермен жасалады.

3. Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган арнаулы инвестициялық келісімшарт жасасуға өтінім келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекітетін үлгілік арнаулы инвестициялық келісімшарттың ережелерін ескере отырып, осы келісімшартты қол қоюға дайындайды.

4. Арнаулы инвестициялық келісімшартты жасасу және бұзу тәртібін, мерзімдері мен шарттарын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

Бұл ретте инвестициялық келісімшарттың және арнаулы инвестициялық келісімшарттың қосымшаларына өзгерістер тараптардың келісімі бойынша жылына екі рет енгізілуі мүмкін.

5. Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының арнаулы инвестициялық келісімшартты беру шарттарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

Заңды тұлға өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органға осы аталған орган белгілейтін нысан бойынша арнаулы инвестициялық келісімшарт талаптарының орындалуы туралы жартыжылдық есептерді 25 шілдеден және 25 қаңтардан кешіктірмей, технологиялық жабдықты, оның жиынтықтауыштары мен қосалқы бөлшектерін, шикізатты және (немесе) материалдарды, сондай-ақ көлік құралдарының және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының құрауыштарын дайын өнім құрамында жеткізуді мен мақсаты бойынша пайдалануды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жұмыс бағдарламасында көзделген шығындардың баптары бойынша таратып жазып ұсынады.

6. Инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасы орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган арнаулы инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына бұзушылықтарды көрсете отырып, жазбаша нысанда хабарлама жібереді және бұзушылықтарды жою үшін үш ай мерзім белгілейді.

7. Егер өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган жүргізген тексеру нәтижелері бойынша арнаулы инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінген және кедендік баждар төлеуден босатылған технологиялық жабдық, оның жиынтықтауыштары мен қосалқы бөлшектері, шикізат және (немесе) материалдар, сондай-ақ көлік құралдары және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының құрауыштары дайын өнім құрамында пайдаланылмағаны анықталған жағдайда, арнаулы келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференцияларға байланысты кедендік баждардың сомасын төлемеген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімпұлды есепке жаза отырып, пайдаланылмаған жабдық, оның жиынтықтауыштары мен қосалқы бөлшектері, шикізат және (немесе) материалдар, сондай-ақ көлік құралдарының және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының құрауыштары бөлігінде төлейді.

8. Кедендік баждар салудан босату объектілерінің нысаналы пайдаланылуын бақылау Еуразиялық экономикалық комиссия айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады .";

3) 62-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне" деген сөздер "осы Заңның 42-1-бабына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 65-баптың 1-тармағындағы "Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 286-бабына" деген сөздер "осы Заңның 42-1-бабына" деген сөздермен ауыстырылсын.

28. "Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы" 2023 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

9-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Онлайн-платформаларға бір ай ішіндегі орташа тәуліктік қолжетімділігі Қазақстан Республикасының аумағындағы бір жүз мыңнан астам пайдаланушыны құрайтын онлайн-платформалардың меншік иелері және (немесе) өзге де заңды өкілдері Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыру үшін:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген талаптарға сәйкес уәкілетті органмен;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген талаптарға сәйкес салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі өзінің заңды өкілін тағайындайды.";

29. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-бапта:

мынадай мазмұндағы 32-1) тармақшамен толықтырылсын:

"32-1) Ұлттық тауарлар каталогы – тауарлар туралы ұлттық деректер тіркелімі, сондай-ақ тауарлар номенклатурасының бірыңғай көзі болып табылатын және сауда қызметінде тауарлар анықтамалығы ретінде пайдалануға міндетті "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісі;"

36) тармақша алып тасталсын;

2) 16-баптың 3-тармағы 39) тармақшасының екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 474-бабы 7) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген шарттарға;"

3) 22-баптың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Ұлттық тауарлардың каталогын қолдап отыруды, дамытуды және толықтыруды жүзеге асырады.";

4) 27-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 474-бабы 7) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген шарттарға".

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.12.2025 № 241-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Осы Заң:

1) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6-тармағы 9) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын және 22-тармағын;

2) 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2 және 8-тармақтарын қоспағанда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ